НЕГІЗГІ ӨЗГЕРІСТЕРГЕ ШОЛУ ЖӘНЕ ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ТІЗІМ 2023

ӘРҚАШАН ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН СУБСТАНЦИЯЛАРМЕН ӘДІСТЕР
(ЖАРЫС ЖӘНЕ ЖАРЫСТАН ТЫС КЕЗЕҢДЕРДЕ)

ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН СУБСТАНЦИЯЛАР

S1. Анаболикалық агенттер

- Андрост-4-ен-3,11,17-трион (11-кетоандростендион, адреностерон) мысал ретінде қосылған. Адам ағзасында ол 11-кетотестостеронге айналады, екеуі де андроген болып табылғандықтан және андростендион мен тестосторонның метаболиттері ретінде оларға тыйым салынады.

- 17α-метилэпитиостанол (сонымен қатар эпистан ретінде белгілі) субстанциясы тиодролдың (Shionogi, Жапония) 17-метилденген аналогы болып табылады және in vivo жағдайында тыйым салынған анаболикалық агент дезоксиметилтестостеронға айналады. Сондықтан S1 сәйкес 17α-метилэпитиостанолға да тыйым салынған. 17α-метилэпитиостанолдың тыйым салынған күйін нақты құжаттау үшін бұл субстанция қосымша мысал ретінде қосылды.
- Кейбір елдерде өсу стимуляторы ретінде мақұлданған бета-адренергиялық агонист ractопамин. S1.2 бөліміндегі мысалдар тізіміне кейбір елдерде жануарлардың өсуінің стимуляторы ретінде мақұлданған ractопамин қосылды.

S1.2-де SARM мысалдары ретінде S-23 және YK-11 қосылды.

S4. Гормондар және метаблизм модуляторлары

- S4.3 бөлімі миостатиннің прекурсорлық антиденелері қосылғандықтан жаңартылды және мысал ретінде апитегромаб қосылды.

- Нөмірлеу түсінікті болу үшін өзгертілді, бірақ жіктеу өзгерген жоқ.

S5. Диуретиктер және бүркемеленген агенттер

- Бөлімнің кіріспе мәтіні Тыйым салынған тізімнің басқа бөлімдерімен үйлестіру үшін өзгертілді.
- Торасемид мысал ретінде қосылған және ДДҚА-ң техникалық құжатына (TD MRPL) және ДДҚА-ң техникалық хатына (TL24) еңгізілген.
- Карбоангидраза тежегіштерін жергілікті офтальмологиялық қолдану үшін (мысалы, дорзоламид, бринзоламид) немесе фелипрессинді стоматологиялық анестезия үшін шекті деңгей белгіленген заттармен біріктіріп жергілікті қолдану үшін Терапевтік пайдалануға рұқсат талап етілмейтіні түсіндірілді.

ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ӘДІСТЕР

M1. Қанмен және оның компоненттерімен манипуляциялар

- Мысал ретінде вокселотор қосылды, өйткені ол гемоглобиннің ағзадағы оттегін шығару қабілетін өзгертеді, осылайша артериялық оттегінің қанығуын арттырады. Жанама әсер ретінде сарысулық эритропоэтин деңгейі жоғарылайды, бұл сау адамдарда гемоглобин концентрациясының жоғарылауына әкеледі.

ЖАРЫС КЕЗЕҢІНДЕ ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН СУБСТАНЦИЯЛАР

ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН СУБСТАНЦИЯЛАР

S6. Стимуляторлар

- 1,3-диметиламиламин және 1,3-DMAA 4-метилгексан-2-аминнің балама атаулары ретінде қосылды, ал 1,4-диметиламиламин және 1,4-DMAA 5-метилгексан-2-аминнің синонимдері ретінде қосылды.

- Солриамфетол S6 бөліміне қосылған болатын. Оның дофамин мен норадреналинді кері қармау ингибиторы ретіндегі белсенділігіне байланысты, нәтижесінде мидағы осы нейротрансмиттерлердің деңгейі жоғарылайды, нәтижесінде зертханалық жануарлар мен адамдарда ынталандырушы мінез-құлық әсерлері пайда болады.
- Тетризолин имидазолиннің туындысы ретінде ерекшеліктер тізіміне қосылды. Сонымен қатар, имидазолин туындыларын құлаққа енгізуге тыйым салынбайтындығы түсіндіріледі.

S7. Наркотики

- Трамадол бірнеше жылдан бері ДДҚА бақылау бағдарламасына енгізілген. Бақылау деректері трамадолдың велоспорт, регби және футбол сияқты спорт түрлерінде айтарлықтай қолданылуын көрсетеді. Трамадолды шектен тыс пайдалану, оның физикалық тәуелділік, опияттық тәуелділік және жалпы халық арасындағы дозадан асып пайдаланудың қауіпі бар болғаны алаңдаушылық тудырады және оның көптеген елдерде бақыланатын есірткіге айналуына әкелді. ДДҚА[i]-пен қаржыландыратын ғылыми зерттеулер трамадолдың спорттағы физикалық өнімділікті арттыруға қабілетті екенін растады. Осылайша, 2022 жылдың мамырында мүдделі тараптардың кеңесіне 2023 жылға арналған Тыйым салынған тізім жобасында ұсынылғандай, ДДҚА[1] -ң Атқару комитеті 2022 жылғы 23 қыркүйектегі отырысында трамадолды Жарыс кезеңінде пайдалануға тыйым салуды мақұлдады. Алайда, ереже өзгерістерін жан-жақты және кеңінен жеткізу және ақпарат пен білім беруге жеткілікті уақыт беру үшін Атқару комитеті 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап трамадолға тыйым салу туралы шешім қабылдады. Өзгерістерді бір жылға кейінге қалдыру спортшылар мен медицина қызметкерлеріне өзгерістерге жақсырақ дайындалуға, зертханаларға процедураларын жаңартуға және спорт ұйымдарына білім беру құралдарын әзірлеуге мүмкіндік береді.

S9. Глюкокортикоидтар

- Глюкокортикоидтарды құлаққа қолдануға тыйым салынбайтындығы түсіндірілді.

---

[1] а) Ольгадо Д, Зандонаи Т, Забала М, Хопкер Дж., Перакакис П., Луке-Касадо А, Сери, Герра-Эрнандес Е, Санабриа Д. Влияние трамадола на физическую работоспособность и устойчивое внимание во время 20-минутной езды на велосипеде в помещении: Рандомизированное контролируемое исследование.J Sci Med Sport. 2018 Июль;21(7):654-660.
б) Можер Л., Томас Т., Смит С., Феннелл С. (2022). Является ли трамадол препаратом, повышающим работоспособность? Рандомизированное контролируемое исследование. Конференция Британской ассоциации спорта и физической медицины, 26-27 мая 2022 года, Брайтон, Великобритания.
https://basem.co.uk/wp-content/uploads/2022/08/Mauger_BASEM-Abstract.pdf
https://www.wada-ama.org/en/resources/funded-scientific-research/tramadol-performance-enhancing-drug

КЕЙБІР СПОРТ ТҮРЛЕРІНДЕ ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН СУБСТАНЦИЯЛАР

P1. Бета-блокаторлар

- Дүниежүзілік мини гольф федерациясының (WMF) талабы бойынша минигольфты бета-блокаторларға тыйым салынған спорт түрлерінің тізіміне енгізу туралы шешім қабылданды. Минигольф үшін қажетті қабілеттіктер бета-блокаторларға тыйым салынған басқа да спорт түрлерімен бірдей.
- Дүниежүзілік дайвинг федерациясының (CMAS) талабы бойынша фридайвингтің, су асты аулаудың және нысанаға атудың барлық түрлерінде бета-блокаторларға Жарыс және Жарыстан тыс кезеңде тыйым салынған.

БАҚЫЛАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

- Дерморфин және оған ұқсас препараттар спорттың Жарыс кезеңінде оларды пайдаланудың үлгілерін анықтау үшін қосылды.
- GnRH-ң ұқсастары (18 жасқа толмаған әйелдер үшін) спорттың Жарыс және
- Жарыстан тыс кезеңдерінде қолдану үлгілерін анықтау үшін қосылды.
- Гипоксен (натрийдің полигидроксифенилен тиосульфонаты) спорттың Жарыс және Жарыстан тыс кезеңдерінде асыра сілтеп пайдалануды бағалау үшін қосылды.

* Алдыңғы өзгертулер мен т үсініктемелер туралы қосымша ақпарат алу үшін Тыйым салынған тізім бойынша жиі қойылатын сұрақтар тізімін қараңыз - https://www.wada-ama.org/ en/ prohibited-list#faq-anchor

ТОЛЫҚТЫРУ

S8. Каннабиноидтар

АНЫҚТАМА

- Жарыс кезеңінде Тыйым салынған каннабисті алып тастау туралы кейбір мүддерді тараптардың (үш допингке қарсы ұлттық ұйымдардың және бір спорт федерациясының) немесе каннабис мәртебесін қайта қарау туралы (екі допингке қарсы ұйымнан) сұраныстарынан кейін ДДҚА-ң Атқарушы комитеті 2021 жылдың қыркүйегіндегі отырысында консультативтік-сараптамалық тобының (LiEAG) 2022жылғы каннабистің мәртебесін қайта қарастыру туралы ұсынысын мақұлдады.

- Каннабистің негізгі психоактивті ингредиенті дельта-9-тетрагидроканнабинолға (ТГК) қазіргі уақытта Жарыс кезеңде тыйым салынған, және ДДҚА-пен аккредитацияланған зертханалар несептегі карбокси-ТГК концентрациясы шешім қабылдау үшін жеткілікті 180 нг/мл болған шеткен, 150 нг/мл шекті мәннен асып кетсе, жағымсыз аналитикалық нәтиже (AAF) туралы хабарлайды. Шекті концентрациялар 2013 жылы Жарыс кезеңдегі AAF мөлшерін азайту үшін 15 нг/мл-ден айтарлықтай өсті, өйткені Жарыстан тыс кезеңде ТГК қолдану мүмкін болды. Бұл дегеніміз, белгіленген шектерде қолайсыз талдау нәтижесінің ең үлкен қаупі Жарыс кезеңдегі допинг бақылауына дейін ТГК -ң едәуір мөлшерін тұтынғанын немесе узақ уақытты тұтынушы болып табылатын Спортшыларда болады.

- 2021 жылғы Дүниежүзілік допингке қарсы Кодекске (Кодекске) кодекстің 10-бабына сәйкес санкцияларды қолдану мақсаттары үшін тәуелділікті тудыратын субстанциялар туралы жаңа 4.2.3-бап еңгізілді. Тәуелділікті тудыратын субстанциялар Тыйым салынған тізімде арнайы көрсетілген, өйткені олар спорттан тыс қоғамда асыра сілтеп пайдаланылады. Осыған байланысты, LiEAG 2021 жылғы Тыйым салынған тізімде ТГК тәуелділікті тудыратын Субстанция ретінде анықтады, бұл дегеніміз, егер спортшы ТГК қолдану Жарыстан тыс кезеңде болғанын және спорттық көрсеткіштердің жақсаруымен байланысты емес екенін дәлелдей алса, стандартты дисквалификация мерзімі үш айды құрайды, егер Спортшы тәуелділікті тудыратын Субстанцияларды асыра сілтеп пайдаланудан бекітілген емдеу бағдарламасын қанағаттанарлық түрде аяқтаса, оны бір айға дейін қысқартуға болады. Бұл жаңа ереженің ТГК санкцияларына толық әсерін бағалау әлі ерте болса да, 2021 жылғы алдын ала деректер бір және үш айлық санкциялардың өсуін көрсетеді, бұл ереженің қолданылуын көрсетеді

- Осылайша, Дүниежүзілік допингке қарсы бағдарламаның бөлігі ретінде Тыйым салынған тізімге енгізілген каннабиске деген көзқарас хронологиялық тәртіпте келесідей дамыды:

  2013: Несептегі каннабис шегі 15 нг/мл-ден 150 нг/мл-ге дейін, шешім қабылдау шегі 180 нг/мл-ге дейін ұлғайтылды. Бұл AAF санына айтарлықтай әсер етті, орташа есеппен 2009-2012 жылдары жылына 400-500-ден 2021 жылы 100-ге дейін.

2018: Каннабидиол (CBD) тыйым салынған тізімнен шығарылды, бұл оны пайдаланғысы келетін спортшыларға каннабистің психоактивті емес компонентіне қол жеткізуге мүмкіндік берді.

2021: Кодекске тәуелділікті тудыратын субстанциялар туралы ережені енгізу ТГК қолдану Жарыстан тыс болғанын және спорттық көрсеткіштердің жақсаруымен байланысты емес екенін дәлелдей алатын Спортшылар үшін дисквалификация мерзімін ықтимал екі (немесе тіпті төрт) жылдан үш (немесе тіпті бір) айға дейін айтарлықтай қысқартты. Кодекстің 9-бабына сәйкес Спортшы медальдардан, жүлделерден және нәтижелерден айырылады.

ҚАРАСТЫРУ ПРОЦЕСІ:

- 2021 жылдың қыркүйегінен бастап фармакология, сот токсикологиясы, наркология, аналитика, фармация, спорттық медицина, химия, эндокринология, ішкі аурулар, нормативтік-құқықтық реттеу, пептидтер мен өсу факторлары және гематология саласындағы сыртқы халықаралық сарапшылардан тұратын LiEAG спорттағы дельта-9- тетрагидроканнабинолдың мәртебесін de novo толық қайта қарауға кірісті. Бұл ауқымды қайта қарау 2021 жылғы кодекстің 4.3-бабында көрсетілген үш критерийге бағытталған, атап айтқанда:

  а. Медициналық немесе басқа ғылыми дәлелдер, фармакологиялық әсер немесе тәжірибе бұл субстанцияның немесе әдістің өздігінен немесе басқа субстанциялармен немесе әдістермен бірге спорттық көрсеткіштерді жақсартуға немесе жақсартуға қабілетті екенін көрсетеді;

  б. Медициналық және басқа да ғылыми дәлелдер, фармакологиялық әсер немесе тәжірибе осы субстанцияны немесе әдісті қолдану спортшының денсаулығына нақты немесе ықтимал қауіп төндіретінін көрсетеді;

  с. ДДҚА осы субстанцияны немесе әдісті қолдану Кодекстің «Кіріспе» бөлімінде сипатталғандай спорт рухына қайшы келеді деп шешті.

- Кодекстің 4.3 бабына сәйкес субстанция немесе әдісті Тыйым салынған тізімге еңгізу үшін қарастырылатын осы үш критерийдің кем дегенде екеуіне сәйкес келуі керек.

- LiEAG мүшелерінің екі тобы құрылды, бірі - ТГК-тің спорттағы нәтижелерді арттырудың әсерін бағалау үшін (LiEAG-PE), екіншісі - денсаулыққа қауіп-қатерді бағалау үшін (LiEAG-H). Осы екі тақырыпқа қатысты барлық қолданыстағы ғылыми және медициналық басылымдар, сондай- ақ жарияланған сауалнамаларды қоса алғанда, жалпыға қолжетімді каннабисті пайдаланған/ пайдаланушы болып табылатын спортшылардың пікірлері.

- Барлық тиісті басылымдар еңгізілгенін және барлық тиісті ғылыми және медициналық аспектілердің қарастырылғанын және дұрыс бағаланғанын қамтамасыз ету үшін бұл ғылыми әдебиеттерге шолу кейіннен ТГК және каннабиноидтардың фармакология, токсикология, психиатрия және мінез-құлық қасиеттеріне маманданған әлемге әйгілі төрт тәуелсіз сыртқы халықаралық сарапшыларға (ТГК Ad-Hoc Expert Group) ұсынылды.

Сарапшылар шолудың ауқымды екенін және ТГК денсаулық пен спорттық нәтижелерді жоғарлатуға әсерінің тиісті деректері мен аспектілері тиісті түрде қаралғанын растады.

- «Спорт рухы» критерийіне қатысты LiEAG төрағасы ДДҚА-ң этика бойынша сарапшылар кеңес беру тобынан (Ethics EAG) кеңес алды. Ethics EAG қазіргі уақытта каннабисті пайдалану Кодексте көрсетілген бірнеше негіздер бойынша Спорт Рухына қайшы келеді деп есептеді, атап айтқанда:

- Денсаулық

  Қылмыстың ең жоғары деңгейі

- Мінез-құлқы және білім алу

- Ережелер мен заңдарды құрметтеу

- Өзіңізге және басқа қатысушыларға құрмет

Сондай-ақ олар мыналарды атап өтті:

Спортшылардың каннабисті қолдануы және оның спорттағы әлеуетті (соның ішінде плацебо-индукциялық) әсерлері туралы түсініктері бойынша қосымша зерттеулер жүргізілуі немесе қолдау көрсетілуі керек. Бұл сенімді дәлелдердің болмауына байланысты белгісіздік аймақтары.

- Жарыс кезеңінде допингке қарсы ережені бұзуды анықтау үшін белгіленген деңгейлер жарысқа қатысатын спортшы үшін медициналық проблема тудыруы мүмкін немесе ұзақ уақыт пайдалануды көрсетуі мүмкін. Бұл ереже кейде жеке өмірге заңсыз қол сұғушылық ретінде қабылданатын немесе ұсынылғандай емес. Дегенмен, кейбір елдердегі жиі өзгеретін көзқарастар мен заңдарды ескере отырып, дәлелдердің салмағы кең халықаралық шектеуші заңдармен және реттеуші саясаттармен бірге қазіргі уақытта каннабистің Тыйым салынған тізімде сақталуын қолдайды.

- LiEAG Төрағасы сонымен қатар спортта каннабистің қолданылуына қатысты пікірлерін білу үшін ДДҚА Спортшылар комитетінің мүшелерімен кеңесті. Кездесуде спортшылар қауымының кең ауқымды пікірлері мен көзқарастары айтылды.

  2022 жылдың 25-26 сәуіріндегі соңғы LiEAG отырысына дейін барлығы 10 консультативтік кездесу өткізілді:

- LiEAG-PE үш жиыны

- LiEAG-H екі жиыны

- LiEAG төрағасының Спортшылар комитетінің төрағасымен кедесуі

- LiEAG төрағасы мен Спортшылар комитетінің бір кездесуі

- LiEAG төрағасының және Ethics EAG бір кездесуі

- ТГКП бойынша сарапшылар тобының Ad-Hoc және LiEAG-PE бір кездесуі

- ТГКП бойынша сарапшылар тобының Ad-Hoc және LiEAG-H бір кездесуі

ҚОРЫТЫНДЫЛАР:

ДДҚА Кодексінің 4.3-бабына сәйкес егжей-тегжейлі бағалау мен талқылаудан кейін LiEAG мынадай қорытындыға келді:

a) ТГК пайдалану Спортшылардың арасында басым бөлігін құрайтын жастардың денсаулығына, негізінен неврологиялық денсаулыққа айтарлықтай әсер ететін, қауіп төндіретіні туралы нанымды медициналық дәлелдер бар.

b) Қазіргі уақытта қолда бар дәлелдер физиологиялық қабілеттіліктің жоғарылауын қолдамайды, бірақ нейропсихологиялық әсерлер арқылы қабілеттілікті арттыру мүмкіндігін әлі де жоққа шығаруға болмайды.

c) Ethics EAG белгілеген Спорт рухымен қамтылған құндылықтарды ескере отырып, сонымен қатар өзін және басқа қатысушыларды құрметтеу жарыстың басқа қатысушыларының қауіпсіздігін қамтитынын айта отырып, Жарыс кезеңінде ТГК қолдану спорт рухын бұзады.

Кодексте анықталған осы үш критерийге, сондай-ақ қолда бар ғылыми дәлелдерге сүйене отырып, ТГК тізімге енгізу критерийлеріне сәйкес келеді.

Әрі қарай талқылау:

- Бұл тұжырымдар қазіргі ғылыми әдебиеттерге негізделген. Жүргізілген ауқымды шолудан ТГК-тің физикалық және психикалық деңгейде қабілеттіліктің жоғарылауына әсерін бағалайтын сенімді зерттеулердің жоқтығы анық. Басқа да бөлек деректертің бар болуына қарамастан, қабілеттілікке ТГК нейропсхихологиялық әсерін анықтау үшін қосымша клиникалық зерттеулер қажет. Дегенмен, мұндай зерттеулерді жүргізу қиын болуы мүмкін екенін мойындалады. Мысалы, бұл көптеген елдерде тыйым салынған ТГК белсенді қолданатын еріктілерді тартуды қажет ететін еді; бұл шынымен соқыр плацебо бақыланатын зерттеу болмас еді, өйткені субъект мүмкін болатын біржақты бағалауға (оның қабілеттілігін арттыратынын көрсету үшін, сондықтан тыйым салу керек) немесе теріс біржақты бағалауға (тізімнен шығаруды қолдау үшін)әкеліп соғатын ТГК әсерін сезінуші еді; жарыстағы стрессті қалпына келтіру қиын болар еді; және жоғары деңгейдегі спортшылардың ерікті ретінде тартылуы екіталай. Демек, еріктілер ретінде тек канабисті қолданатындар ғана тартылуы мүмкін және олар ТГК қолдануға рұқсат етілген аймақтарда және Жарыстан тыс кезеңде оң немесе теріс жағымсыздық қаупі бар аймақтарда кездеседі.

- Тек Жарыс кезеңінде тыйым салынған барлық субстанциялар сияқты, каннабисті қолдануға рұқсат етілген аймақтардағы спортшыларға жарыс басталғанға дейін бірнеше күн бойы каннабисті тұтынудан бас тарту ұсынылады.